

**2013 жылға арналған ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2013 жылғы 22 ақпандағы № 11-2/1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 наурызда № 2915 болып тіркелді. Күші жойылды - Зайсан аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 21-11/1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Зайсан аудандық мәслихатының 25.12.2013 № 21-11/1 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабының 8, 9-тармақтарына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 183 қаулысының 2-тармағына сәйкес Зайсан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына келесі әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме ж ә р д е м а қ ы ;

2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Д.Н Ыдырышев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК